

Новокубанка ауылдық округінің Новокубанка ауылының көшелерін қайта атау туралы

Ақмола облысы Шортанды ауданы Новокубанка ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 9 тамыздағы № 11 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 24 тамызда № 6772 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, халықтың пікірін ескере отырып және Ақмола облыстық ономастика комиссиясы отырысының 2018 жылғы 18 сәуірдегі қорытындысы негізінде, Новокубанка ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Новокубанка ауылдық округінің Новокубанка ауылының көшелері қайта аталсын

:

1) Молодежная көшесін Әлихан Бөкейханұлы көшесіне;

2) Речная көшесін Ыбырай Алтынсарин көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Новокубанка ауылдық округінің
әкімі*

Р.Мардан